Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

Мен, Сендулаев Жайнар Аманбаулы
"Қошке Кемеңгерұлы атындағы №49 мектеп гимназия"
КММ басшысы бола отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі №793 «Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыс істеу тәртібін нығайту жөніндегі қосымша шаралар туралы» Жарлығының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, маған жүктелген барлық жауапкершілік пен міндеттерді сезіне отырып, «Қазақстан Республикасындағы қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес:

1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асырмау;

2) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеуге;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немес табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауға;

4) материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңының 12 бабының бірінші тармақтың абзацында көрсетілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кірсе немеесе осы адамдар лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, оларды қабылдамауға;

5) Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдар) ашуға және иеленуге, Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтауға жол бермеуге міндеттімін.

Сонымен қатар:

1) өзімнің кәсіби қызметімде заңдылық, ашықтық, қолжетімділік және жариялылық қағидаттарын ұстануға;

2) мекеменің/кәсіпорынның құжаттамасын қолдан жасаумен, бюджет қаражатын ұрлаумен және олардың кәсіби қызметіне байланысты өзге де заңға қайшы әрекеттермен байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар жасаған жағдайда, өз қарамағандағалар үшін дербес жауаптылықта болуға;

3) мекеменің/кәсіпорынның қызметін қамтамасыз етуге жергілікті/республикалық бюджеттен бөлінетін қаржы қаражатын ұтымды, ашық және заңды түрде іске асыруға;

4) мекемеде/кәсіпорында өткізетін мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің нәтижелері мен өткізу тәртібі үшін жеке жауапты боламын;

5) қызметкерлерге материалдық көтермелеулерді бөлу кезінде осы рәсімнің заңдылығын, жариялылығын және ашықтығын қамтамасыз ету;

6) маған сеніп тапсырылған білім беру мекемесінде/кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, жылына кемінде 1 рет сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішке талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

7) жеке қызметкерлер мен оқушыларға протекционизм фактілерін және теріс көзқарасты болдырмау;

8) мекеменің/кәсіпорынның оқушыларынан және олардың ата-аналарынан/қамқоршыларынан ақша жинау фактілеріне жол бермеуге жеке жауаптымын.